

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі**  
**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті**

**АҚПАРАТТЫҚ ХАТ**

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті 2018 жылы 26 қазанда Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасының аясында **«Рухани жаңғыру: Мұстафа Шоқай мұраларын зерттеудің өзекті мәселелері»** атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізеді.

Конференцияның мақсаты – Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасын насихаттау, Мұстафа Шоқай мұраларын зерттеудің жаңа бағыттарын айқындау және ғылыми ізденістер нәтижелерін ортаға салу, жастардың бойында отансүйгіштік сезімді тәрбиелеу.

Конференцияның жұмыс тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Конференция жұмысы келесі секциялар бойынша өткізіледі:

1. Мұстафа Шоқайдың ұлттық тәуелсіздік пен түркі халықтарының бірлігі идеясы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы мәнмәтінінде (контекстінде);
2. Мұстафа Шоқай мұралары - Отан тарихының дерек көзі;
3. Мұстафа Шоқайдың әдебиет пен өнердегі бейнесі.

Конференция материалдарын жариялау үшін 2018 жылғы 20 қазанға дейін **«Рухани жаңғыру: Мұстафа Шоқай мұраларын зерттеудің өзекті мәселелері»** деген айдармен st-1968@mail.ru, kaliom@mail.ru электронды поштасына Microsoft Office Word (2003, 2007, 2010) редакторының мәтінінде терілген А4 форматындағы 5-7 бет көлеміндегі мақала жіберілу қажет.

Мақаланы ресімдеуге қойылатын талаптар:

- ӘОЖ (УДК) болуы шарт.
- Times New Roman, KZ Times New Roman қарпі (қаріп өлшемі – 14 pt, жоларалық қашықтық – 1, сол жағы – 3 см, оң жағы – 2 см, жоғары жағы - 2,5 см, төменгі жағы – 2,5 см, жаңа жол бойынша шегініс – 1 см);
- Бірінші жолда бас әріптермен мақаланың жазылған тілінде баяндама тақырыбы (қою қаріппен), бір жол төмен – мақаланың жазылған тілінде автордың аты-жөні және тегі, мекеме, қала, ел атауы, бір жолдан кейін мақала мәтіні беріледі
- Формулалар Microsoft Equation формула редакторы мәтінінде орындалып, суреттер (ақ-қара), JPEG, JPG 300 dpi кем емес форматта сканерленген болуы тиіс.
- Сілтеме жасалатын әдебиет мақала ішінде реттік саны бойынша (тік жақшаның ішінде), мақала соңында толық түрде көрсетіледі. Сілтемені қолданған жағдайда дерек көз бетін көрсету қажет. Мысалы: [1, 12 б.].

Конференция материалдары жинақ түрінде жарық көреді. Көрсетілген мерзімнен кешіккен немесе талапқа сай емес материалдар жинаққа енгізілмейді. Мақала мазмұнына, грамматикалық және стилистикалық сауатты жазылуына және талаптарға сай редакциялануына автор жауапты. Ұйымдастыру комитеті конференцияға келіп түскен конференция тақырыбы мен талаптарына сәйкес келмейтін мақалаларды қабылдамауға құқылы.

Конференцияға келуімен байланысты шығыстар, жіберуші ұйым / қатысушылардың есебінен өз бетімен жүзеге асырылады

Ұйымдастыру комитетімен хат алмасу тек көрсетілген электрондық пошта мекенжайында жүргізіледі.

Ұйымдастырушылар: Қорқыт Ата атындағы ҚМУ «Мұстафа Шоқайтану» ғылыми-зерттеу орталығы, (+7(7242) 26-33-01) Ғылым департаменті, (27-47-95) немесе (87028762440) Тайман Сағат Тамшыбайұлы

*Ұйымдастыру комитеті*